

учителем коллаборативная среда, позволяющая раскрыть внутренний потенциал, повысить его мотивацию к конструированию своих образовательных навыков.

Список использованной литературы:

1. Аубакиров Т. Особенности нового государственного стандарта начального образования // Білімді ел. – 2015, сентябрь – 15 – №17. – С.9.с.9.
2. Smith M.K. Curriculum theory and practice. The encyclopedia of informal education // <http://infed.org/mobi/curriculum-theory-and-practice/>. 15.08. 2015.
3. Wiggins G., & McTighe J. Understanding by design (expanded 2nd. ed.). – Alexandria, VA: Association for Supervision and Curriculum Development, 2005. – 369 p.
4. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М.: Международная педагогическая академия, 1994. – 680 с.
5. Выготский Л.С. Психология развития человека. – М., 2005. – 1136 с
6. Pollard, A. Reflective Teaching: Effective and Research-Based Professional Practice. - London: Continuum, 2002. – 576 p.
7. Дьюи Дж. Психология и педагогика мышления. Пер. с англ. Н.М. Никольской. - М.: Совершенство, 1997. – 225 с.
8. Леднев В.С. Содержание образования. - М., 1989. – С.54
9. Oates T. Could do better: Using international comparisons to refine the curriculum in England. - Cambridge: Cambridge Assessment, 2010. p.2.
10. Schmidt W. & Prawat R. Curriculum coherence and national control of education: issue or non-issue? // Journal of Curriculum Studies. – 2006.- №38 (6). – P 16

МРНТИ 14.23.07

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.06>

А.Е. Манкеш<sup>1</sup>, Л.А. Анарбек<sup>2</sup>

<sup>12</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ АҚМЕ ДАЙЫНДЫҒЫ

Аңдатпа

Осы мақалада мектепке дейінгі білім беретін ұйымдарда баланың дамуына жеткілікті жағдай жасау, қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі екендігі айтылып, оны шешуге арналған мемлекеттік құжаттар көрсетілген. Мектепке дейінгі балалық шақ адам дамып жетілуінің өміріндегі ерекше кезеңі екендігі дәлелді түрде түсіндіріледі. Осы мәселеге арналған педагог-ғылымдардың ғылыми зерттеулерін зерделеп, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жеке тұлғасына, олардың кәсіби қызметтерін дамытуға арналған ғылыми еңбектерді әлдеде толығырақ зерттеу қажеттілігі айтылады. Педагогтердің жеке тұлғалық және кәсіби дамуын зерттеуде кәсіби құзреттілік, сонымен қатар акмеологиялық зерттеулер болашақ педагогтерді даярлау жұмыстары, сондай-ақ өмірдегі адамның жеке және кәсіби қызметін дамытуға арналған ғылыми зерттеулердің қысқаша мазмұны баяндалған. Акмеологиялық ғылымның пәніне және «акмеологиялық құзреттілік» ұғымының мәнін айқындауға әрекеттер жасалған.

**Түйін сөздер:** акмеология, акмеологиялық құзреттілік, кәсіпқойлық, кәсіби дайындық, педагогикалық шеберлік, мектепке дейінгі ұйым.

*A.E. Mankesh<sup>1</sup>, L.A. Anarbek<sup>2</sup>*

<sup>12</sup>*Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

## **AKME TRAINING OF PRESCHOOL INSTITUTION TEACHERS FOR THE RENEWED SCHOOL PROGRAM**

### *Abstract*

This article discusses the issues of child development in preschool organizations as one of the up-to-date problems of society, discusses related government documents, norms and requirements for preschool organizations and their activities. A feature of preschool childhood as a special period of human development is noted. The studies of scientific educators dedicated to this problem are analyzed. It also refers to the need for further study of the personality of teachers of preschool organizations, the development of their professional activities. A summary of scientific studies of professional competence of teachers and work on acmeological research is also presented. The concept of “acmeological competence” is critically analyzed and the subject of acmeological science is considered.

**Key words:** acmeology, acmeological competence, professionalism, professional training, pedagogical skills, preschool organization.

*A.E. Манкеш<sup>1</sup>, Л.А. Анарбек<sup>2</sup>*

<sup>12</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## **AKME ПОДГОТОВКА ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ ПО ОБНОВЛЕННОЙ ПРОГРАММЕ ОБУЧЕНИЯ**

### *Аннотация*

В данной статье рассмотрены вопросы развития ребенка в дошкольных организациях как одно из актуальных проблем общества, рассматриваются государственные документы и требования к дошкольным организациям и их деятельности. Отмечается особенность дошкольного детского возраста как особого периода развития человека. Проанализированы исследования ученых педагогов, посвященных данной проблеме. Также говорится о необходимости дальнейшего исследования личности педагогов дошкольных организаций, развития их профессиональной деятельности. Также изложено краткое содержание научных исследований профессиональной компетентности педагогов и работы по акмеологическим исследованиям. Критически рассматривается понятие «акмеологическая компетентность» и осуществляется анализ предмета акмеологической науки.

**Ключевые слова:** акмеология, акмеологическая компетентность, профессионализм, профессиональная подготовка, педагогическое мастерство, дошкольная организация.

Қазақстан Республикасының Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында балалардың үнемі өзгерістерге бейім болуы мен жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуды басым бағыт ретінде айқындады. Бұл өз кезегінде үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы болып табылатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытуға және жетілдіруге басымдық беріліп отырғанын айғақтайды.

Қандай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайтыны анық, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру - бүгінгі күннің басты талабы. Осы тұрғыдан алғанда мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген, жаңартылған білім беру бағдарламасы заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыртын тың бағдарлама.

Бағдарлама аясында оқытудың парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің алдында оқытудың

озық әдіс- тәсілдерін тиімді қолдана білу міндеті тұрса, білім беру бағдарламасының жаңаруына байланысты 4К модельдік оқыту мақсаты болып отыр. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы сол -балаға үйлесімді, қолайлы орта құра отырып:білім беру, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, бақылау,саралау, АКТ-ны қолдану, баламен жеке, жұптық, топтық жұмыс жасай білу. Жаңартылған білім беру үдерісіндегі бағалау - балалардың өзін-өзі және құрдастарын бағалауды үйреніп,оқу қызметін белгілі іс-әрекет арқылы меңгергендігін не меңгермегендігін, кері байланыс арқылы біле алатындай белсенділікке ие.

Осы орайда, заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын балаға меңгертуде мектепке дейінгі ұйым педагогі жаңашыл, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, кәсіби құзыретті маман болу қажеттігі туындады. Демек, бүгінгі күннің заманауи білім беру жүйесі үшін -мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ету, мемлекетіміздегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі алдындағы аса жауапты міндеттердің бірі болып табылады.

Қойылған міндеттерді шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және басқа да мемлекеттік нормативтік құжаттар мен Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы ретінде ұсынатын стратегиялық бағдарламалары құрайды.

Мектепке дейінгі балалық шақ тұлға дамуының ерекше кезеңі болып саналады, онда баланың өзіндік және өмірлік қағидалары, өмірге деген көзқарасы қалыптасады және олар негізгі білімді, икемділікті, бейімділікті және ептілікті меңгереді.Сонымен қатар, бұл өмір кезеңінде тұлғалық даму баланың келешек өмірінің стратегиялық бағыты айқындалады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі білім беретін ұйымдарда бала тұлғасының дамуына толық жағдай жасау мәселелерін шешуші фактор ретінде педагог-тәрбиешілердің кәсіпқойлығы (кәсіби шеберлігі, кәсіптік құзіреттілігі, біліктілігі) арқылы іске асырылуы мүмкін, ол педагогтің тек кәсіби білімі мен біліктілігінің арқасында емес, сонымен қатар жеке тұлғаға бағытталған кәсіби маңызды қасиеттермен анықталады.

Кез келген әлеуметтік жағдайда, мемлекеттің әрбір даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне арналған көптеген психологиялық-педагогикалық еңбектер болғанымен, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жеке тұлғасына, оның маман ретіндегі кәсіби креативтік қызметтерін дамытуға арналған ғылыми еңбектердің әлі де жеткіліксіз екендігі белгілі.

Қазіргі кезде кәсіби құзіреттілік ұғымының мәнін және мазмұнын анықтауға арналған әр түрлі бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бар. В.Н. Введенскийдің пікірі бойынша құзіреттілікті мазмұны терең, құрылымдық сипаттағы ұғым ретінде қарастарылғандығы дұрыс дегенді ұсынады. Оныңқұрамына «кәсіби дайындық», «кәсіпқойлық», «біліктілік», «педагогикалық шеберлік», «кәсіптік мәдениет», «құзырлық» және т.б. ұғымдар кіреді [1].

Кәсіби құзыреттілік ұғымын педагогикалық қызметті орындауға және кәсіпқойлықты сипаттаудағы теориялық және практикалық дайындықтың нәтижесі болатындығын біріктіріп қарастырылғандығын А.И.Мищенко, В.А.Сластениндердің ғылыми еңбектерінде көруге болады [2].

Отандық ғалымдар Н.Д.Хмель, А.П.Сейтешев, Қ.К.Жампейісова, Т.С.Сабыров, М.А.Кұдайқұлов, Ш.Т.Таубаева, Б.А.Тұрғынбаева және т.б. болашақ мамандарды дайындаудағы біртұтас педагогикалық үрдістің теориясы мен практикасы мәселелерін, білім беру мақсатына сәйкес педагог мамандарды даярлау тәжірибесін, педагогтердің зерттеу мәдениетін және болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыру проблемаларын қарастырып, белгілі бір әдіснамалық құрылымын ұсынған. Алайда, мектепке дейінгі білім берудің деңгейі мен сапасына қойылатын әлеуметтік сұраныстар, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін анықтайтын талаптарды нақтылауды қажет етіп отыр.

Қазіргі кәсіби педагогикалық білім беру, болашақ жоғары сапалы кәсіби мамандар даярлауда, олардың өмірлік және жеке мәселелерін өздігінен шешуге жағдай жасай алатын, шығармашыл педагогті даярлауға бағытталып отыр. Отандық және шетелдік зерттеулерден, шығармашылық деңгейіне жеткен педагог - өзінің тәрбиеленушілерінің тұлға болып қалыптасуына әсер етуге қабілетті болады. Сондықтан, болашақ педагогтің жеке басына қойылатын негізгі талаптар: шығармашылық, кәсіби бейімділік, үздіксіз өзін кәсіби дамыту және өзін-өзі жетілдіру қабілеттері. Олай болса, жеке тұлғаны зерттеуге арналған жаңа бағыттағы интегративтік ғылым, болашақ педагогтерді даярлау аспектілерімен қатар жеке дамуды өз бетімен жобалау, кәсіптік жетістіктермен

қатар жалпы өмірлік жолмен өзара байланысының акмеологиялық мазмұнымен технологияларын анықтауды талап етеді.

Осы тұрғыдан алғанда акмеология мамандықтың кәсіби шеберлік шыңына немесе дәлірек айтқанда «акме»-ге бағытталған тұлғаның өзін-өзі дамытатын қасиеті. Акмеология ғылым ретінде кәсіпқойлықты дамытуға арналған негізгі тәсілдерді, тұлғаның нәтижелі дамуы, өздігінен жетілуді және кәсібінде, жалпы өмірде дәлелдеп көрсете білуді анықтайтын деректерді, шарттарды, мәселелерді және механизмдерді зерттейді [3].

«Акмеология» ұғымы грек тілінен аударғанда жоғары нүкте, шың, тұлғаның шарықтау деңгейіне жету сәті деген мағынаны беретіні белгілі. Акмеология ғылымының зерттейтін мәселесі – өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетімен іздену, өзіндік жетілдіру үрдісіндегі адамның жасампаздық кезеңі.

Кәсіптік дамудағы «акме» сөзінің мағынасы – маманның белгілі уақыт аралығындағы кәсіби дамуының деңгейін білдіретін психологиялық ұғым. Кәсіптік «акме» бұл шарықтау шегі, шығармашылықтың шыңы мен оптимумы, ең жоғары өнімділік нәтижесі, адами құндылықтар мағынасының жоғарғы шегі деп А.А.Деркач және Н.В.Кузнецовтар өздерінің ғылыми еңбектерінде осылай түсінік береді [4]. Ал, ғалымы А.А. Деркачтың тұжырымдауынша, «Акмеология – бұл адамның шығармашылық әлеуетінің шыңына қол жеткізудің заңдылықтарын, жолдарын, тәсілдерін, шарттарын және есею кезеңінде іс-әрекет барысында оның өзін-өзі жетілдіруінің тәсілдерін зерттейтін кіріктірілген ғылым».

Демек, акмеология - маманның кәсіби дамуын оңтайландыру жолдарын зерттейді және тұлғаның өзін-өзі толық жүзеге асырудың өзін-өзі кәсіби дамытудың субъектісі ретінде кәсібиліктің шыңына жетудің ынталандыру тәсілдерін анықтайды. Сондай-ақ, есеюшілік, кәсіптік іс-әрекет, шеберліктің шыңы, кәсібилік және тағы басқа жаңа ұғымдардың жүйесін құрайды.

Акмеологиялық зерттеулерде шығармашылық және креативтік мәселелер, өмірде тұлғаны және оның кәсіби қызметін дамыту үдерістері мен тәсілдерін зерттеу тұрғысында қарастырады. Акмеология ғылымының пәні – жетілген тұлғаның ілгері дамуына ықпал ететін және оның жоғары кәсіби жетістіктеріне себеп болатын заңдылықтарды, психологиялық және акмеологиялық тәсілдер, шарттар және факторларды сипаттайды.

«Акмеология – бұл адам туралы ғылымдар жүйесіндегі ғылыми білімнің және адамның кәсібиліктің шыңына жетудің жаңа саласы» [5] деген пікірге келісеміз. Көптеген ғылыми жұмыстарды зерделей келе, мектепке дейінгі ұйым педагогының акмеологиялық құзыреттілігі ұғымына келесідей анықтама бердік: тұлғаның өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру жағдайына жеткен маманның шығармашылық жолындағы еңбек нәтижелері.

Білімнің әлеуметтік және өмірлік рөлі - адамның танымдық-шығармашылық мүмкіндігін өзгерту, маман біліктілігін дамытуды үздіксіз жаңаша ұйымдастыру. Ендеше, жаңартылған білім мазмұны негізінде төмендегідей талаптарға жауап беретін: диагностика нәтижелері негізінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру; пәндік дамытушы ортаны қалыптастыру; топтарға бөліп оқыту; интерактивті әдістерді қолдану; ата-аналардың талап және сұраныстарына қарай үздіксіз оқыту үдерісіне қатысуына мүмкіндік беру арқылы, ұлттық рухани - адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ дайындауға жауапкершілікті ала-алатын маман.

Ендеше, жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұны бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогі:

- оқытуды ұйымдастыруды тұлғаға бағдарланған және жүйелі-әрекеттік тәсіл арқылы жүзеге асыруға;

- мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығын қамтамасыз етуге;

- балалардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына көмектесуге;

- балалардың зияткерлік және жеке дене дамуы үшін жағдай жасауға міндетті.

- Ал, мұндай талаптар акме дайындығы бар, кәсіби құзыретті мамандарға жүктеледі, ол өз кезегінде:

- мектепке дейінгі ұйым педагогі ретінде акмеологиялық ғылымның

- негізгі ұғымдар мен ережелерін игеруі;

- өзіндік жұмыс барысында өзінің оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың

- акмеологиялық әдіс-тәсілдерін меңгеруі;

- кәсіби және рухани мәселелерді шешуде игерілген білімдерді пайдалану біліктері қалыптасуы;

- ұжымдық ойлау іс-әрекетіндегі негізгі мәселелердің жүзеге асыру тәсілдерін игеріп, шығармашылық іс-әрекетті жетістікпен жүзеге асыруды пайдалана білуін көрсетеді.

Сонымен, акмеологиялық тұрғыдағы кәсіби әрекетке дайын маман ғана өзінің шығармашылық-белсенділік, тұлғалық-зияткерлік және басқа да адами маңызды қасиеттерімен, кәсіби құзырлылықтарын дамытуымен ерекшеленеді. Бұл сапалық көрсеткіш маманның жаңа білімдерге, жаңалықтарға жақын болуымен, ғылымды игеруімен, кәсіби әрекетін талдай алуымен және баланың даму ерекшеліктерін біліп, оған жағдай жасай алуы арқылы нәтижелі болады деп білеміз.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1. Введенский В.Н. Моделирование профессиональной компетентности педагога /В.Н.Введенский//Педагогика.-2003.-№10-с.51-55.
2. Слостенин В.и др.Педагогика: Учеб.пособие для студ.высш.учеб.заведений В.А.Слостенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов. Под ред.В.А.Слостенина.-М.: Издательский центр «Академия», 2002.-576с.
3. Акмеологический словарь/Под общ.ред.-М.:Изд-во РАГС,2004.
4. Деркач А.А., Кузнецов Н.В. Акмеология: Пути достижения вершин профессионализма.- М.,1993,-168с.
5. Деркач А.А. Акмеология: методология, методы и технологии.-М.:РАГС,1998.-320с.

**ОӘЖ 37.03**

**МРНТИ 14.31.07**

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.07>

<sup>1</sup>Г.С. Саудабаева, <sup>2</sup>Г.К. Шолпанқұлова

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан

## **ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДЕ МЕТАПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

### *Андатпа*

Бұл мақалада пәнаралық байланыс негізінде студенттерде метапәндік құзыреттерді қалыптастыру мәселесі қарастырылады. «Метапәнділік» ұғымы бір мәнді анықтамаға ие емес және зерттеушілердің түрлі көзқарастарын бейнелейді. Ұғымның ұзақ тарихына қарамастан, оның бірыңғай түсіндірмесі әлі күнге дейін жоқ, түрлі ғылыми мектептер оны басқаша түсіндіреді. Қазіргі заманғы түсіністегі метапәндік тәсіл дәстүрлі білім беру технологияларын толықтырады және кеңейтеді, білім алушыларға пәндік мазмұнға таптаурын емес көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, саналы түрде зерттейді және белгілі бір ізге түсу процедуралары (мақсатты болжау, іздеу, талдау және әр түрлі ақпарат түрлерін синтездеу және оны бағалау) арқылы өзіндік ойлау әдістерін дамытады. Білім берудің метапәндік мазмұны метабілім, метабілік, және метатәсілді меңгеру ретінде ретінде қойылуы мүмкін, табысты жеке өсу үшін қажетті метапәндік әрекеттерді қалыптастыруға мүмкіндік беретін дәстүрлі әрекеттен туындайтын өзге де іс-әрекетті көздейді. Метапәндік іс-әрекет оқу пәнінің шегінен тыс әрекет; ол кез келген пәндік ұғыммен, схемамен, модельмен және т. б. жұмыстың жалпылама тәсілдеріне оқытуға бағытталған және өмірлік жағдайлармен байланысты. Пәнаралық байланыстар метапәндік нәтижелерге қол жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Метапәндік әдісі тұлғаның жан-жақты дамуын, біртұтас дүниетанымды қалыптастыруды, білім алушылардың әртүрлі пәндерде игерген білімін синтездеуді, оларды практикада, еңбек қызметінде және адам өмірінде кешенді қолдануды қамтамасыз етеді.

**Түйін сөздер:** құзырет, құзыреттілік, компетенттілік тұғыр, метапәнділік, метапәндік құзырет, пәнаралық байланыс, интеграция, білімнің метапәндік мазмұны, оқу әрекеті.